**Тұрар Рысқұлов ауданының орталығы Құлан ауылының шекарасын (шегін) өзгерту туралы**

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2012 жылғы 31 шілдедегі № 5-10 шешімі және Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 шілдедегі № 295 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 3 қыркүйекте № 1819 тіркелді

РҚАО ескертпесі:
Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 5 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес Т.Рысқұлов аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Т.Рысқұлов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Тұрар Рысқұлов ауданының орталығы Құлан ауылының әкімшілік шекарасына ( шегіне) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім беру басқармасының Құлан ауылшаруашылығы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны» аумағында орналасқан жалпы көлемі 81,0 гектар жер және Құлан ауылының солтүстік жағында орналасқан мемлекеттік жер қорынан жалпы көлемі 31,0 гектар жер қосылып, Құлан ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін.

2. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Ш Жайлыбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы Е.Әбутәліпов*

*Аудандық мәслихат хатшысы Б.Шамаев*

*Аудан әкімі А. Нұралиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК